

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Сен бақыттысың ана!»

(«Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған мерекелік ертеңгілігі)



Тәрбиеші: Жамишова Г
Орысбаева А

Таушық 06.03.2025ж

Нұрхан:

Біз ғана емес, қадір тұтқан аналар,
Аналардан туған небір даналар!
Анп деген тіргіліктің тірегі,
Армысыздар ,қасиетті аналар!

Ақбөбек: Кеш жарық,қымбатты аналар, арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып , тағы да 8- наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес.

Алихан: Олар -өмірдің гүлі, көңілдің жыры ,әр отбасының алтын дінгегі.Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге сәби жүрегі өзің деп соқса , бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

Ақбөбек:

Десекте уақытпенен жарыспайды,
Қияға қиялменен қарыштайды.
Бүлдіршіндер шын жүректен тебіреніп
Өнерлерін анаға бағыштайды-дей келе “Алтын сақа” тобының “Сен бақытысың Ана”атты мерекелік кешіне қош келдіңіздер!

Алихан: ортада “Алтын сақа” бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

Шығуы: Асма-Хафиз,
А.Әлинұр-Медина,
Жұлдызай-Жарас,
Нұрдос-Ақбөбек-Нұралы,
С.Әлинұр-Ханшайым,
Ақансері-Кәусар,
Шапағат-Райана,
Мансұр-Айзере,
Аршат- Досхан,
Нұрхан -Аянат,
Алихан- Айжұлдыз.

Хор: “Мама сен бақыттысың”

Нұрхан: Орта жыр шумақтар қабыл алыңыздар!

Тақпақтар: 1)Асма, Хафиз, Жарас, Жұлдызай, С.Әлинұр, Ханшайым, Шапағат, Райана.

Асма

Анамыздың мейірлі
Жүзіне біз қараймыз.
Анамызды пейілді
Жомарт жанға балаймыз.

Хафиз,

Әже деген көп шығар
Әжемдей менің жоқ шығар
Мейірімді бұл кісі
Қандай ғажап күлкісі

Жарас

Анаң болса қасыңда
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет.

Жұлдызай

Ақ әжемді арқашан
Сыйлап жақсы көремін
Қуантайын деп оны
Өлең айтып беремін.

С.Әлинұр

Өзің мені өсірген
Айналайын ақ әжем
Тентек болсам кешірген
Ауырмашы ,ай әжем.

Ханшайым

Ақ сүт беріп аялап,
Өсірген менің жан анам.
Түнде оянып ұйықтатқан,
Мені ойлаған ақ анам.

Шапағат

Ақылшымыз, данашым
Ұзақ өмір сүріңіз
Айналайын анашым
Алдымызда жүріңіз.

Райана

Ана десем алғыс алам халқымнан
Ана десем теңіз болам шалқыған
Ана десем ,ашылады қабағым
Ана десем әділдікті ұғамын
Біз ғана емес

Қадір тұтқан бабалар
Аналардаң туған небір даналар
Ана деген тіршіліктің тірегі
Армысыздар, қасиетті аналар!

Алихан:

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі
Бишілер өнерлерін көрсетуде-дей отырып келесі кезекті “Гүлдер” биіне береміз.

Би: “Гүлдер”

Асма. Ақбөбек. Жұлдызай Райана. Медина. Ханшайым Аршат. Айзере

Ақбөбек: Ортада көрніс: “Су тасушы қыз”

С.Әлинұр, -Асма, Алихан- Айзере, Нұрхан-Аршат, А.Әлинұр-Райана. Жарас-Аянат.

Нұрхан: Ана өмірдің асылдары,

Жайнасын көңілімнің жасыл бағы

Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,

Сендер үшін мереке шашулары, ортада жыр шумақтар .

2) Тақпақтар: Ар Аршат

Бар мейірімділік анада

Ана деген бір жанды

Мейірімділік ананың

Болмас еш бір адамда.

Досхан

Ананы мен жақсы көремін,

Ана шаттық, бақыт береді.

Анаменен барлық адам,

Бақытты болып жүреді.

Айжұлдыз,

Ана пана,

Ана дана.

Өмірді әкелетін,

Ана ғана!!!

шат, Досхан, Айжұлдыз, Аянат, Айзере, Мансұр, Кәусар

Аянат

Жарқын жузді жан анам
сендей болсын бар адам
сендей болса бар адам
шаттық кетпес баладан

Айзере

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір-бірден
Аналарға сыйлаймыз.

Мансұр,

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар.

Кәусар.

Ақ қабақты анашым,
күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын,
айналайын анашым.

Ақансері

Тірегі болып жанында
Бірге еріп жүремін
Жанашырым жанымда
Тек әжем деп білемін.

Нұралы

Қадірлі аналар көңілі
Көктемдей жайнап гүл ашсын
Бақытқа толып өмірі
Шаттыққа шаттық ұлассын.

Нұрдос

Құлпырған гүлдей
Көктемгі күндей
Жылылық маған
Төгесің үзбей.

Медина

Үн қатамын бал тілмен
Еркелеймін әр күн мен
Құттықтаймын анашым
Сегізінші наурызбен.

А,Әлинұр

Құтты болсын осы шаттық күніңіз
Бақытты да,ұзақ өмір сүріңіз
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз

Ән: “Анашым-ау” Медина-Шапағат, Асма-Жұлдызай, Досхан-Кәусар.

Ақбөбек: ортада “Батырлар” биі:

А.Әлинұр. Жарас. С.Әлинұр
Хафиз. Мансұр. Нұралы
Досхан Алихан.

Алихан: “Көңілді биді” қабыл алыңыздар!

Ақбөбек, Нұрдос Райана. Нұралы
Ханшайым, Ақансері Айжұлдыз. Мансұр

Нұрхан: ортада жыр-шумақтар қабыл алыңыздар!

3) тақпақтар: Ақансері, Нұралы, Нұрдос, Медина, А, Әлинұр

Ойын: Досхан, Хафиз, Аршат, Аянат, Шапағат.

Шарты: Анасының даусынан табу.

Ақбөбек: ортада “Лента” биі:

Би-“Лента” Ақансері-Аянат; Нұрдос-Кәусар; Шапағат-Медина Нұрхан-Айжұлдыз

Алихан:

Көңілің Алатаудың ақ қарындай,
Мейірімің күннің шуақ шақтарындай
Қалайшы аяулы ана тына алармын,
Ән болып сағыныштан ақтарылмай.

Хор: “Ана”





